

Микронезия



Ресми атауы: Микронезия Федеративтік Штаттары. Микронезия (ежелгі гректің "микрос, несос" - "кіші аралдар" деген сөзінен шыққан) - Тынық мұхиттың батыс бөлігінде, Каролин аралдарында орналасқан мемлекет. Жер аумағы 702 км². Астанасы – Паликир қаласы. Халқы 133 мың (2000 жылы). Ресми тілі – ағылшын, жергілікті халықтардың тілдері де кең тараған. Топ арал халқы микронезиялық және полинезиялық аталатын этнос топтардан құрылған. Тұрғындарының басым көпшілігі – протестанттар, қалғандары – католиктер. Мемлекет және үкімет басшысы – президент. Жоғарғы заң шығарушы билік бір палаталы парламент – ұлттық конгреске жүктелген. Әкімшілік жағынан 4 штатқа (Трук, Костраэ, Понапе, Иап) бөлінеді. Ұлттық мейрамы – Тәуелсіздік күні – 10 мамыр (1979 жыл). 1991 жылдан БҰҰ-ға мүше. Елде саяси партиялар жоқ. Ақша бірлігі – АҚШ доллары.

Микронезия аралдары геологиялық түзілу тегі жағынан әртүрлі: жанартаулық таулы аралдардан бастап, маржанды аралдарға дейін кездеседі. Кейбір аралдарда әрекеттегі жанартаулар бар. Олардың жағалауларында мәңгі жасыл бұталар, бамбук өссе, маржанды аралдарда кокос пальмалары басым. Топаралдың жануарлар дүниесі түрі жағынан да, саны жағынан да тым кедей. Жарқанат, кептерлер, қарлығаш тектес ұзын қанатты құстар кездеседі. Топаралдың батыс бөлігінің климаты – экваторлық және субэкваторлық, ал шығыс бөлігінде – тропиктік пассаттық. Айлық орташа температура 25 – 300С шамасында. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 1500 – 4000 мм. Шығыстағы аралдарда нөсер жауындар жиі жауады. Негізгі табиғи қорлары: ағаш, фосфорит, теңіз өнімдері.

Аралдардың басым бөлігінде мәңгі жасыл тропиктік ормандар, жағалауларында мангур нуы , кокос пальмасы, бамбук өседі. Маржан рифтерінен түзілген аралдарда өсімдіктер аз.

Аралдардың жануарлар дүниесі өте жұпыны. Негізінен ұсақ кесіртке, тасбақа, құстардың алуан түрлері мен жәндіктер тіршілік етеді. Теңізде балық түрлері көп.

